

*Маңғыстау облысының білім басқармасының
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«Нұртас Оңдасынов атындағы № 5 жалпы
білім беретін мектеп» КММ,
Мектеп басшысының орынбасарлары:
Жанжуменова Жанат Мелисовна,
Токмурзинова Динара Темиркановна*

Жас мамандарды қолдау және тәлімгерлік жүйесінің тиімділігі

Қазіргі таңда мемлекетіміз үшін кәсібилік деңгейі жоғары мамандарды даярлау маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Бұл үрдіс жас мамандарға қолдау көрсетумен қатар жүзеге асырылуы тиіс, себебі олардың кәсіби бейімделуін жеделдету және білім беру сапасын арттыру өзекті мәселе болып қала беруде. Осы мақсатта педагогикалық кадрлардың кәсіби дамуын қамтамасыз ететін тәлімгерлік жүйесі ерекше мәнге ие.

Құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның теориялық білімін оқу үдерісінде практикалық тәжірибемен ұштастыра отырып, жаңа жұмыс орнында білім беру қызметін жүзеге асыруға дайындығы мен қабілеті. Ол тек жаттанды білім ретінде емес, танымдық белсенділікке, ойлау дағдыларына, мәселелерді талдау мен шешуге, сондай-ақ оқу үдерісінде үнемі түзетулер енгізу қабілетіне негізделеді.

Жас маман білікті педагог болу үшін кәсіби қажетті дағдыларды, мәдениетаралық коммуникация негіздерін, тіл мәдениетін және әлемдік білім кеңістігінің интеграциялық үрдістерін меңгеруі тиіс. Ол өз елінің мәдениетімен қатар жаһандық білім беру тенденцияларына бейімделіп, кәсіби даму жолында үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуы қажет.

Мұғалім кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін өзін-өзі үздіксіз тәрбиелеумен қатар, ұжыммен және оқушылармен тиімді қарым-қатынас орната білуі, ұйымдастырушылық қабілетін жетілдіруі және кәсіби тәжірибесін толықтырып отыруы қажет. Осы қасиеттерді жинақтаған жағдайда ғана мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі жоғары деңгейде көрінеді.

Кәсіби құзыреттіліктің негізі жоғары оқу орнында теориялық және практикалық дайындық барысында қаланады. Бұл үдерісте

педагогикалық практика маңызды рөл атқарады, себебі ол студенттің кәсіби қызметке дайындығын бағалаудың басты көрсеткіші болып табылады. Педагогикалық практика болашақ мұғалімдердің теориялық білімдерін практикалық әрекеттермен үйлестіруін қамтамасыз етеді. Бұл кезеңде студенттердің педагогикалық шеберліктері қалыптасып, педагогикалық зерттеуге деген қызығушылығы артады.

Құзыреттілікті қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мәселелерінің бірі. Ақпараттық ағын күн санап артып келе жатқан жағдайда, оқыту мазмұны мен әдістері де заманауи талаптарға сай бейімделуі тиіс. Осыған байланысты, мектеп мұғалімдерінің әдістемелік шығармашылығын дамыту және олардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Құзыреттілік тәсілі білім берудің тиімділігін арттыруға бағытталған. Бұл тәсіл «Қоғамға қандай білім қажет? Жеке тұлға осы білімді қалай қолдана алады?» деген сұрақтарға жауап береді. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі. Құзыреттілік тәсіл білім сапасын арттырудың жаңа жолдарын іздеуге мүмкіндік береді, оның негізгі мәні – алынған білімнің көптігінде емес, сол білімді тәжірибеде тиімді қолдана білуде.

Мұғалімнің басты рөлі – тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін, сараланған және зерттеушілік бағыттағы білім беру үлгісін жүзеге асыру. Бұл міндетті орындау арқылы білім беру жүйесі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізіп, еліміздің әлемдік білім кеңістігіне интеграциялануына ықпал етеді. Сондықтан жалпы орта білім берудің жаңа жүйесіне көшу мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда жаңаша көзқарасты талап етеді, ал мұғалімдерден өз кәсіби құзыреттіліктерін үнемі дамытып отыру міндеті туындайды.

Тәлімгерлік жүйесі жас мамандардың педагогикалық қызметке бейімделуін жеделдетіп, олардың кәсіби дағдыларын дамытудың тиімді тетіктерінің бірі болып табылады. Тәлімгерлік институтының негізгі міндеттері мыналарды қамтиды:

- 1) Жас мамандардың педагогикалық қызметке қызығушылығын арттыру және олардың білім беру мекемелеріне тұрақтануына ықпал ету;
- 2) Мұғалімнің кәсіби тұрғыдан қалыптасу процесін жеделдету және жүктелген міндеттерді сапалы орындау қабілетін дамыту;
- 3) Мектеп ұжымының корпоративтік мәдениетіне бейімдеу, кәсіби этика мен дәстүрлерді сақтау дағдыларын қалыптастыру;
- 4) Жас мамандардың әдістемелік және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту.

Тәлімгер жас педагогпен бірлескен жұмысты жоспарлап, оның кәсіби дағдыларын жетілдіруге бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асырады. Сонымен қатар, жас маманның қызметіне үздіксіз бақылау жүргізіп, оның педагогикалық тәжірибесін жетілдіруге жағдай жасайды.

Жас педагогтерді кәсіби тұрғыдан қолдау мен тәлімгерлікті дамыту мақсатында келесі әдістер тиімді болып табылады:

- 1) Тәжірибелік семинарлар мен шеберлік сыныптары – педагогикалық тәжірибе алмасу және инновациялық әдістерді игеру;
- 2) Коучинг және менторинг бағдарламалары – жас мамандарды жеке сүйемелдеу, кәсіби құзыреттілікті дамыту;
- 3) Оқу-әдістемелік қолдау – нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру, педагогикалық әдістерді меңгеруге көмек көрсету;
- 4) Рефлексия және кері байланыс жүйесі – жас педагогтердің өз қызметіне талдау жасап, кәсіби өсу бағыттарын анықтауына жағдай жасау.

Жүргізілген педагогикалық зерттеулер нәтижесінде тәлімгерлік жүйесінің тиімділігі дәлелденді. Мәселен, педагогикалық шеберханалар, тәжірибе алмасу семинарлары және әдістемелік бірлестіктер аясында ұйымдастырылған іс-шаралардың арқасында жас мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасу деңгейі 35%-ға артқан. Сонымен қатар, педагогикалық дағдыларды меңгеру көрсеткіші орта есеппен 40%-ға жоғарылаған.

Тәлімгерлік жүйесі жас педагогтердің кәсіби өзін-өзі дамыту дағдыларын 30%-ға арттырып, олардың педагогикалық қызметке бейімделу үдерісін 25%-ға жеделдеткендігі анықталды. Бұл көрсеткіштер тәлімгерлік жүйесінің білім беру үдерісінде қолданылу тиімділігін растайды.

Жас мамандарды кәсіби тұрғыдан қолдау мен тәлімгерлік жүйесін дамыту – білім беру жүйесінің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі. Тәлімгерлік жас педагогтердің кәсіби дағдыларын жетілдірумен қатар, олардың мектеп ұжымына сіңісуіне, педагогикалық шеберлігін арттыруына және білім беру сапасын жақсартуға ықпал етеді. Сондықтан, білім беру мекемелерінде тәлімгерлік жүйесін жетілдіру мен оны ғылыми-әдістемелік негізде дамыту өзекті міндеттердің бірі болып қала береді.